



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындар пікіртерімінің нәтижелері

(салалар: тау-кен өндіру және өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығы)

2023 жылғы III тоқсан

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Ақша - кредит саясаты департаменті

Жалпы ақпарат

I. Экономикалық жағдайларды бағалау:

- саладағы бәсекелестік (4 бет)
- инвестициялық белсенділік жағдайы (5 бет)
- валюта бағамының әсері (6 бет)
- кредиттеу шарттары (7-8 бет)

II. Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау

- сұраныс пен бағаларға шолу (9 бет)
- өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі (10 бет)
- кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері (11-13 бет)
- саладағы борыштық ауыртпалық (14 бет)
- еңбекақы мен жұмыспен қамту (15 бет)

Қорытынды

Пікіртерім жөніндегі мәлімет


Пікіртерім мақсаты	➤ Салалардағы бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтау
Респонденттер	➤ Кәсіпорындардың басшылары, қаржы бөлімдерінің қызметкерлері
Пікіртерім әдісі	➤ Сауалнама
Пікіртерім жүргізу кезеңі	➤ 2023 жылғы 3-тоқсан
Мониторингке қатысушы кәсіпорындар саны	➤ 3373

Іріктеме туралы мәлімет

Тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 211
Өңдеу өнеркәсібінің кәсіпорындары	➤ 750
Құрылыс кәсіпорындары	➤ 326
Сауда саласының кәсіпорындары	➤ 948
Көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары	➤ 270
Ауыл шаруашылығы	➤ 194

Іріктеме бойынша кәсіпорындардың барлығы ➤ **2699**

1-график. Ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 3-тоқсанда көлік пен қоймада сақтауда, сондай-ақ тау-кен өндіру өнеркәсібінде бәсекелестіктің маңыздылығы артты.

Сауда нарықтық бәсекелестік мейлінше әсер ететін сала болып қалуда, мұнда кәсіпорындардың **39,3%**-ы оның өз бизнесіне әсерін сезінеді.

Өңдеу өнеркәсібінде мұндай кәсіпорындардың үлесі **34,8%**, **көлікте және қоймада сақтауда** – **28,9%**, **құрылыста** – **22,4%**, ал **ауыл шаруашылығында және тау-кен өндіру өнеркәсібінде** **17,5%**-дан болды.

Тау-кен өндіру өнеркәсібі бойынша іріктеме негізінен ірі және орта кәсіпорындармен (**66,8%**) ұсынылған, олардың ішінде ең көп үлес мұнай мен табиғи газды, металл кендерін өндіру кәсіпорындарына, сондай-ақ салада техникалық қызмет көрсететін кәсіпорындарға тиесілі.


Өңдеу өнеркәсібіндегі ірі және орта кәсіпорындар салада пікіртерімге қатысқан кәсіпорындардың жалпы санының **61,1%-ын** құрайды. Салада ең үлкен көлемді металлургия өнеркәсібі кәсіпорындары өндіреді.

Құрылыс пен ауыл шаруашылығында да ірі және орта кәсіпорындар басым (тиісінше **60,7%** және **60,3%**).

Көлік пен қоймада сақтауда іріктеменің жартысына жуығы ірі және орта кәсіпорындардан (**48,9%**) тұрады, олардың көпшілігі мұнай мен мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау қызметтерін көрсетеді. Олардың ішінде табиғи монополиялар субъектілерінің тізілімінен көптеген кәсіпорындар бар.

Саудада іріктемедегі ірі және орта кәсіпорындардың үлесі, жалпы жиынтықта сияқты, жоғары емес (**23,1%**).


2-график. Нарықтық бәсекелестікті кедергі ретінде көрсеткен кәсіпорындардың үлесі, %



3-график. Кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін шектеуші факторлар, %



4-график. Кәсіпорындардың келесі 12 айдағы инвестициялау деңгейінің өзгерісі бойынша күтулері, %




2023 жылғы 3-тоқсанда көптеген кәсіпорындардың пікірі бойынша **Қазақстан экономикасының жай-күйі** бизнесті жүргізудегі негізгі кедергі болды.

Сауда және өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары үшін **нарықтық бәсекелестік**, ал көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары үшін **экономиканың жай-күйі** басты қиындық болады. Көбінесе құрылыс кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы үшін **білікті кадрлардың жетіспеушілігі**, ал тау-кен өндіру өнеркәсібі үшін **салық ауыртпалығының деңгейі** кедергі болып табылады.

Келесі 12 айда барлық сала бойынша қаржыландыру негізінен бұрынғы көлемде сақталады, бұл ретте қаржыландырудың ең көп ұлғаюы көлік пен қоймада сақтауда жоспарлануда. Инвестициялардың ең көп қысқаруы – құрылыста, ең азы саудада күтілуде. Көлік пен қоймада сақтаудан басқа, қарастырылып отырған барлық салада инвестицияларын қысқартуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі оларды ұлғайтуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесінен көп.

Кәсіпорындардың меншікті қаражаты бұрынғыдай қаржыландырудың негізгі көзі болуда.


5-график. Есеп айырысуда шетел валютасын қолдану (кәсіпорындардың үлесі, %)




Ресей рублі мен АҚШ доллары шетелдік әріптестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюта болып қалады. Ресей рублі тау-кен өндіру өнеркәсібінен (АҚШ доллары басым) басқа барлық салада басым.

2023 жылғы 3-тоқсандағы есептеуде өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындары теңгені көбірек пайдаланды – 18,7%.

6-график. Теңгенің Ресей рубліне қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорын қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)




7-график. Теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы өзгеруінің кәсіпорындар қызметіне ықпалы (тоқсан ішінде салалар бойынша ДИ*)



2023 жылғы 3-тоқсанда теңге бағамы өзгеруінің **Ресей рубліне** теріс әсері сауда, көлік пен қоймада сақтау кәсіпорындары, сондай-ақ ауыл шаруашылығы үшін аздап артты. Теңге бағамы өзгеруінің **АҚШ долларына** теріс әсері тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін де **аздап артты** (ДИ 43,6 болды).

* ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді


8-график. Банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі, %



1-кесте. Кредиттеудің орташа мөлшерлемесі, %

	Теңгемен		Шетел валютасымен	
	нақты	қолжетімді	нақты	қолжетімді
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	18,2	5,2	5,7	2,4
Өңдеу өнеркәсібі	16,0	6,3	5,0	3,0
Құрылыс	19,2	6,8	4,8	2,3
Сауда	18,6	8,1	4,8	3,5
Көлік және қоймада сақтау	18,6	7,4	5,5	3,5
Ауыл шаруашылығы	16,2	7,0	5,0	3,1


9-график. 2023 жылғы 3-тоқсанда және 2023 жылғы 4-тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындар, %




2023 жылғы 3-тоқсанда өңдеу өнеркәсібі және сауда салаларынан басқа барлық сала бойынша банктік кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындар үлесі ұлғайды. Кредиттеу шарттары тиімсіз болған кәсіпорындардың ең көп саны құрылыс (17,8%-дан) тиесілі, ал ең аз саны тау-кен өндіру өнеркәсібі саласына (15,2%) тиесілі.

Теңгемен алынған кредиттер бойынша ең жоғары пайыздық мөлшерлемелер (19,2% және 18,6%) құрылыс, сауда, көлік және қоймада сақтау салаларында, ал шетел валютасында – тау-кен өндіру өнеркәсібі саласында (5,7%) белгіленді. 2023 жылғы 4-тоқсанда кредит алуды көздеген кәсіпорындардың ең көп үлесі өңдеу өнеркәсібіне (22,0%), ал ең аз үлесі көлік және қоймада сақтау саласына (7,4%) тиесілі.


10-график. Орташа салмақтанған* кредиттік жүктеме**, %



11-график. Банк кредиттері бойынша мерзімі өткен*** қарызы бар кәсіпорындардың үлесі, %



12-график. Кредит алуға берілген өтініштерді қарау нәтижесі, саны



2023 жылғы 3-тоқсанда көлік және қоймада сақтау саласында орташа өлшенген кредиттік жүктеме басқа барлық салаға қарағанда жоғары болған. Осы көрсеткіштің ең аз саны ауыл шаруашылығы саласында (6,5%) байқалды.

Банктердің қарыздары бойынша мерзімі өткен берешегі бар кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығы, құрылыс салаларында, сондай-ақ көлік пен қоймада ғана өсті.

2023 жылғы 3-тоқсанда барлық салалардағы 20 сауалнамаға қатысқан кәсіпорынға несие беруден бас тартылды.




*Орташа салмақтанған мән - бұл жауаптар үлесі бойынша салмақтанған интервалдың орташа мәні
 ** Ай сайынғы төлем / өнімді сатудан түскен кіріс * 100
 *** 90 күннен астам

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Сұраныс және бағаларға шолу

13-график. Тау-кен өндіру өнеркәсібі, ДИ*

14-график. Өңдеу өнеркәсібі, ДИ




15-график. Құрылыс, ДИ



16-график. Сауда, ДИ

17-график. Көлік және қоймада сақтау, ДИ

18-график. Ауыл шаруашылығы, ДИ



— Сұраныс — Дайын өнім бағасы — Шикізат бағасы

2023 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығы, сондай-ақ көлік пен қоймада сақтау салаларында ғана **дайын өнімге сұраныстың** артқаны байқалды. 2023 жылғы 4-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінен (шамалы баяулау) басқа барлық салада сұранысқа қатысты жағдайдың жақсаратыны күтіледі.


2023 жылғы 3-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салада **шикізат пен материалдар бағасының** өсуінің баяулағаны байқалды. Сонымен қатар өңдеу өнеркәсібі мен саудадан басқа барлық салада **дайын өнім бағасының** өсуі баяулады. 2023 жылғы 4-тоқсанда барлық салада **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының бәсеңдейтіні күтіледі, сондай-ақ ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларын қоспағанда, **дайын өнім бағасының** өсу қарқыны да баяулайды.

*ДИ, диффузиялық индекс 50 деңгейінен неғұрлым жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің ықпалы соғұрлым оң (теріс), 50 деңгейі ықпалдың болмауын білдіреді

** 2023 жылғы 4-тоқсандағы кәсіпорындардың күтулері келтірілген.

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Өндірістік қуаттың жүктеме деңгейі


19-график. Салалар бойынша өндірістік қуаттардың орташа өлшемді жүктемесі*, %



2023 жылғы 3-тоқсанда құрылыс пен саудадан басқа барлық салада **өндірістік қуаттың** орташа өлшемді жүктемесі (ӨҚЖ) төмендеді (көрсеткіштер бұрынғы мәнін сақтап қалды). Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі жағдай өте жақсы, мұнда ең жоғары ӨҚЖ (**ӨҚЖ**≥90%) басқа салаларға қарағанда көп, ал **ӨҚЖ**<50% болатын кәсіпорындар үлесі басқа салаларға қарағанда аз.

ӨҚЖ-ның ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібіне (60,3%) тиесілі.

20-график. Өндірістік қуат жүктемесінің 2023 жылғы 3-тоқсандағы деңгейі, кәсіпорындар үлесі %-бен



* Орташа өлшемді өлшем – өндірістік қуаттар жүктемесінің деңгейі туралы сұраққа берілген жауаптар үлесі бойынша өлшенген аралықтың орташа мәні.

** Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері

2-кесте. Негізгі көрсеткіштердің медианалақ мәні*

	АӨК	ЖТҚК	ААК	СР**	ӨҚК	ААҚУ, %
Тау-кен өндіру өнеркәсібі	1,32	1,60	0,21	42,2	0,49	51,4
Өңдеу өнеркәсібі	1,54	1,51	0,25	24,0	0,40	65,8
Құрылыс	1,14	1,15	0,26	21,1	0,23	72,0
Сауда	1,19	1,32	0,40	22,2	0,29	81,7
Көлік және қоймада сақтау	1,28	1,73	0,18	26,9	0,47	40,2
Ауыл шаруашылығы	1,64	1,35	0,08	10,7	0,44	52,7

Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері 2023-жылғы 3-тоқсанда мынадай болып қалыптасты:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының өтімділігі жоғары (**АӨК=1,64**);
- көлік және қоймада сақтау кәсіпорындары барынша төлемге қабілетті (**ЖТҚК=1,73**);
- саудада іскерлік белсенділік басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары (**ААК=0,40**);
- ең рентабельді тау-кен өндіру өнеркәсібінің кәсіпорындары болды (**СР=42,2%**), рентабельділігі төмен – ауыл шаруашылығы саласы (**СР=10,7%**);
- тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарының меншікті қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі басқа салаларға қарағанда жоғары (**ӨҚК=0,49**);
- сауда кәсіпорындары активтерінің басым бөлігі айналым қаражаты болып табылады (**ААҚУ=81,7%**).

3-кесте. Қаржылық көрсеткіштердің сипаттамалары


	Есептеу формуласы	Қысқаша сипаттама
АӨК (ағымдағы өтімділік коэффициенті)	Ағымдағы активтер/Қысқа мерзімді міндеттемелер	Компанияның ағымдағы міндеттемелерді (қысқа мерзімді) айналым активтері есебінен ғана өтеу қабілеттілігін сипаттайды. Көрсеткіш неғұрлым жоғары болса, кәсіпорынның төлем жасауға қабілеттілігі солғұрлым жақсы болады.
ЖТҚК (жалпы төлем қабілеттілік коэффициенті)	Активтер/Міндеттемелер	Кәсіпорынның барлық міндеттемесін (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) оның барлық активімен өтеу қабілеттілігін көрсетеді.
ААК (активтердің айналымдылық коэфф-і)	ӨСТ/Активтер ӨСТ – өнімді сатудан түскен түсім	Активтерді пайдалану қарқындылығын (айналым жылдамдығын) көрсетеді. Кәсіпорынның іскерлік белсенділігінің көрсеткіштері ретінде пайдаланылады.
СР (сату рентабельділігі)	(ӨСТ-ӨӨҚ)/ӨСТ ӨӨҚ – өнімнің өзіндік құны	Ұйым түсімінің қандай бөлігі пайданы (салық салынғанға дейінгі) құрайтынын көрсететін ұйым қызметінің қаржылық нәтижелілігінің көрсеткіші
ӨҚК (өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті)	МК/(МК+Міндеттемелер) МК – меншікті капитал	Меншікті инвестициялық қаражаттың инвестициялауға қажетті жалпы қаражатқа қатынасы
ААҚУ (активтегі айналым қаражатының үлесі)	Қысқа мерзімді активтер/Активтер*100	Баланстың жалпы өтімділігін бағалауға мүмкіндік береді

*Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


** Пайыздар, салықтар және амортизация төлемдері бойынша шығыстар шегерілгенге дейінгі сату рентабельділігі

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


21-график. Ағымдағы өтімділік коэффициентінің динамикасы (АӨК)




23-график. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициентінің динамикасы (ӨҚК)



22-график. Активтер айналымдылығы коэффициентінің динамикасы (ААК)



24-график. Жалпы төлем қабілеттілік коэффициентінің динамикасы (ЖТҚК)



— Тау-кен өндіру өнеркәсібі — Өңдеу өнеркәсібі — Құрылыс — Сауда — Көлік және қоймада сақтау — Ауыл шаруашылығы

2023 жылғы 3-тоқсанда тек өңдеу өнеркәсібі, құрылыс, сондай-ақ көлік және қоймада сақтау салаларындағы кәсіпорындардың **қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу** қабілеті **жақсарды** (КТЛ ұлғайды). Ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібін қоспағанда, барлық салаларда іскерлік белсенділіктің ұлғайғаны байқалды (КОА ұлғайды).


Өз қаражаты есебінен инвестицияларды қаржыландыру мүмкіндігі тек тау-кен өнеркәсібінде, көлік және қоймада сақтау, ауыл шаруашылығында төмендеді. Кәсіпорындардың жалпы төлем қабілеттілігі (КОП) ауыл шаруашылығын қоспағанда, барлық салаларда артты.

* Орташа деңгейдің экстремалдық мәндердің әсеріне байланысты болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген


** Қаржылық көрсеткіштердің есептеу формулалары мен сипаттаулары 3-кестеде келтірілген (12-бет)

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Кәсіпорындардың қаржылық көрсеткіштері


25-график. Сатудың орташа рентабельділігі*, %



26-график. Сату рентабельділігінің динамикасы*, %



27-график. Қаржылық жылды пайдамен/зиянмен аяқтауды болжайтын кәсіпорындардың үлесі, %



2023 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібінде және саудада **сатудың рентабельділігі** (салық салынғанға дейін және сыйақы мен амортизация бойынша шығыс шегерілгенге дейін) өсті. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі сатылымның рентабельділігі басқа салаларға қарағанда айтарлықтай жоғары.

Қаржы жылын **зиянмен** жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығында жоғары (16,0%).

Қаржы жылын пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың ішінде өңдеу өнеркәсібі (51,3%) және сауда (47,6%) салаларындағы ең оптимистік бағалаулар бар.

Қарастырылып отырған барлық салаларда жылды зиянмен аяқтайды деп күткендерге қарағанда пайдамен жабуды жоспарлап отырған кәсіпорындардың үлесі көбірек.


* Орташа арифметикалық мәннің экстремалдық мәндердің әсеріне тәуелділігі жоғары болуына қатысты медианалық мәндер келтірілген

Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Салалардағы борыштық ауыртпалық


Банк секторынан тыс, яғни өнім берушілермен, мердігерлермен, тапсырыс берушілермен, сатып алушылармен өзара есеп айырысу бойынша мерзімі өткен берешекке қатысты жағдай өзгерді. 2023 жылғы 3 тоқсанның нәтижелері бойынша экономика бойынша орташа есеппен мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (22,7%-дан 22,9%-ға дейін)**, ал мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі бұрынғы деңгейде (**21,4%**) сақталды.

Ауыл шаруашылығы, өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібі салаларында мерзімі өткен дебиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі **артты**. Мерзімі өткен кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың үлесі ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларында **өсті**. Мерзімі өткен дебиторлық және кредиторлық берешегі бар кәсіпорындардың ең көп саны тау-кен өндіру өнеркәсібіне тиесілі (тиісінше **28,4%** және **31,3%**).

28-график. Мерзімі өткен дебиторлық берешек (%)




29-график. Мерзімі өткен кредиторлық берешек (%)




Кәсіпорындар қызметінің көрсеткіштерін бағалау: Еңбекақы мен жұмыспен қамту


30-график. Өндіріс көлемінің өзгерісі¹, ДИ²



31-график. Қызметкерлер санының өзгерісі³, ДИ



32-график. Орташа жалақыны төмендеткен кәсіпорындардың үлесі⁴, %



2023 жылғы 3-тоқсанда барлық салаларда өндіріс көлемінің төмендеуі байқалды. 2023 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібіндегі, саудадағы және ауыл шаруашылығындағы өндіріс көлемінің өсуі күтілуде. Өңдеуші өнеркәсіп пен саудадан басқа барлық салаларда жұмыспен қамтылғандар саны артты. 2023 жылғы 3-тоқсанда құрылыстан басқа барлық салаларда өз қызметкерлерінің **жалақысын төмендеткен** кәсіпорындар саны артты. 2023 жылғы 4-тоқсанда құрылыстан басқа барлық салаларда жалақымен байланысты ахуал жақсарады (көрсеткіш өзгермейді).

¹ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер

² ДИ, диффузиялық индекс, 50 деңгейінен қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің оң (теріс) әсер етуі соншалықты, 50 деңгейі әсер етудің болмағанын білдіреді

* Графиктерде 2023 жылдың 4-тоқсаны бойынша кәсіпорындардың күтімі көрсетілген

³ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібінен басқа)

⁴ Маусымдық көрсеткіштер қосылмаған деректер (өңдеу өнеркәсібін және құрылыстынан басқа)

- **Бәсекелестіктің** ең жоғары деңгейі саудада **әлі де сақталады**.
- Кәсіпорындардың көпшілігі бизнесті жүргізудегі негізгі кедергілер **Қазақстан экономикасының жай-күйін** көрсетеді.
- 2023 жылғы 3-тоқсанда теңге бағамының **Ресей рубліне** өзгеруінің теріс әсері сауда, көлік және қоймада сақтау, сондай-ақ ауыл шаруашылығы салаларының кәсіпорындары үшін шамалы ұлғайды. Теңге бағамының **АҚШ долларына** өзгеруінің теріс әсері тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық саладағы кәсіпорындар үшін де **шамалы ұлғайды** (ДИ 43,6 құрады).
- Шетелдік серіктестермен есеп айырысуда қолданылатын негізгі валюталар Ресей рублі мен АҚШ доллары болып қала береді. Ресей рублі АҚШ доллары басым болатын тау-кен өндіру өнеркәсібінен басқа барлық салаларда үстемдік етеді.
- 2023 жылғы 3-тоқсанда барлық салаларда өндіріс **көлемінің** төмендеуі байқалды. 2023 жылғы 4-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде, саудада және ауыл шаруашылығында өндіріс көлемінің өсуі күтілуде. 2023 жылғы 3-тоқсанда құрылыс пен саудадан басқа бірқатар салаларда **өндірістік қуаттардың орташа өлшенген жүктемесі** төмендеді (көрсеткіштер бұрынғы мәнін сақтап қалды).
- **Өндірістік қуаттарды тиеудің** ең жоғары деңгейі тау-кен өндіру өнеркәсібінде сақталады (60,3%).
- 2023 жылғы 3-тоқсанда ауыл шаруашылығы, сондай-ақ көлік және қоймада сақтау салаларында ғана **дайын өнімге сұраныстың** ұлғаюы байқалды.
- 2023 жылғы 3-тоқсанда тау-кен өндіру өнеркәсібі мен саудада **сату рентабельділігі** артты. Тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі сату рентабельділігі басқа салаларға қарағанда едәуір жоғары.
- Мерзімі өткен (90 күннен астам) **дебиторлық берешегі бар (22,7%-дан 22,9%-ға дейін)** кәсіпорындардың үлесі артты, ал мерзімі өткен **кредиторлық берешегі бар** кәсіпорындардың үлесі бұрынғы деңгейде (**21,4%**) сақталды.
- 2023 жылғы 3-тоқсанда **шикізат пен материалдар бағасының** өсуінің баяулауы өңдеу өнеркәсібінен басқа барлық салаларда байқалды. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі мен саудадан басқа барлық салаларда **дайын өнім бағасының** өсуі баяулады.
- 2023 жылғы 4-тоқсанда барлық салаларда **шикізат пен материалдар бағасының** өсу қарқынының баяулауы күтілуде, ал ауыл шаруашылығы, көлік және қоймада сақтау салаларын қоспағанда, **дайын өнім бағасының** өсу қарқыны да баяулайды.